

## ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫНА БАҒАНЫ ЫРЫҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ КЕЙБІР ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІНІҢ ТАРИФТЕРІН РЕТТЕУ ТУРАЛЫ

### *Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ 1994 ЖЫЛҒЫ 23 наурыздағы N 288 ҚАУЛЫСЫ. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Республиканың отын-энергетика кешенінің кәсіпорындары мен бірлестіктерінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және халық шаруашылығында энергия ресурстарының пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

( 1 - т а р м а қ ) .

( 2 - т а р м а қ ) .

Ескерту. 1 және 2 тармақтардың күші жойылған - ҚРМК-нің 1994 ж. 15 желтоқсандағы N 1416 қаулысымен .

( 3 - 4 - т а р м а қ т а р ы ) .

Ескерту. 3,4 тармақтардың күші жойылған - ҚРМК-нің 1994.11.04. N 1224 қаулысымен .

5. 1994 жылғы 1 сәуірден бастап коммуналдық-тұрмыстық қажеттерге арналған сұйытылған газ бен республиканың газ және мұнай өңдейтін кәсіпорындары шығаратын бензиннен тазартылған газға келісімді баға қолданылсын.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.03.05. N 280 қаулысымен .

( 6 - т а р м а қ ) .

Ескерту. 6-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1994 ж. 12 желтоқсан N 1399 қаулысымен .

7. 1994 жылғы 1 сәуірден бастап облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне:

( 2 - а б з а ц ) .

көпшілік пайдаланатын қала көлігімен жолаушылар мен жүк тасымалдау тарифтерін реттеп отыру;

төмен разрядты моншалардың, қызметінің тарифтерін реттеп отыру құқықтарын берілсін .

Ескерту. 7-тармақтың екінші абзацы күшін жойған - ҚРМК-нің 1994 ж. 12 желтоқсан N 1399 қаулысымен .

7-тармақтың 4-абзацына өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.03.05. N 280 қаулысымен .

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитеті "Қазақстанэнерго" Мемлекеттік электр-энергетика компаниясымен бірлесіп 1994 жылғы 1 сәуірден бастап көмірге, табиғи газға, дизель отынына, мазутқа енгізілетін бағаны және сатып алынатын электр энергиясының тарифтерін есепке ала отырып, электр және жылу энергиясының тарифтерін белгілесін .

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитеті мен "Қазақстанэнерго" Мемлекеттік электр-энергетика компаниясына отын мен импортқа шығарылатын электр энергиясы бағасының өзгеруіне қарай электр және жылу энергиясының тарифтерін нақтылауға рұқсат етілсін.

9. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "1992 жылға электр және жылу энергиясының тарифтері туралы" 1992 жылғы 18 қаңтардағы N 120 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 6, 98-бап) 1-ші және 2-ші тармақтарының екінші абзацының қолданылу мерзімі 1994 жылға ұзартылсын .

10. Электр энергиясының пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне Энергетика және отын ресурстары министрлігімен бірлесіп негізгі тариф бойынша төленетін тұрғындардың электр тұтынуының айлық лимитін анықтау, сол сияқты 200 МВА және одан жоғары қуаты бар, оны сақтап жұмыс істегенде электр энергиясына жеңілдікті тарифпен ақы төленетін тұтынушылардың бір өлшем өнім өндіруге жұмсайтын кесімді шығынын анықтау тапсырылсын.

Электр тұтынудың белгіленген лимиті асып кеткен жағдайда электр энергиясын тұтыну үшін Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Баға комитеті "Қазақстанэнерго" Мемлекеттік электр-энергетика компаниясымен бірлесіп жоғарылатқан тариф бойынша төлем алынады.

11. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитетіне Қазақстан Республикасының Көлік министрлігімен бірлесіп қатынастың барлық түрлері бойынша (жергілікті және қала маңындағыдан басқа) жүкті, жолаушыларды, багаж бен жүк багажын темір жол көлігімен тасымалдау тарифтерін реттеп отыру құқығы берілсін.

12. 1994 жылғы 1 сәуірден бастап "Ұлттық валютаны енгізу жағдайында бағаның өсуін шектеу жөніндегі төтенше шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қарашадағы N 1121 қаулысының 1-тармағына сәйкес осы қаулының N 1 және N 2 қосымшаларына орай белгіленген жаңа көтерме бағалар мен тарифтер, сондай-ақ қолданылып жүрген тарифтерге ең жоғары шектегі коэффициенттер бекітілсін.

13. Кәсіпорындарда, ұйымдарда және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілерде (ауыл шаруашылығы салаларынан басқа) мына жағдайлар бойынша :

1994 жылғы 25 наурызға - мұнайды 3,5 коэффициентке көбейту арқылы " Мұнай өнімдері" Мемлекеттік акционерлік компаниясы Баға комитетімен келісіп анықтаған баға бойынша мұнай өнімдерін;

1 сәуірге - көмірді осы қаулыға N 1 қосымшада көрсетілген баға деңгейіне дейін және газды 3,5 коэффициентке көбейту арқылы қалдықты қайта бағалау жүзеге асырылсын .

Қосылған бағаның сомасы меншікті айналым құралдарын толықтыруға бағытталсын .

14. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Еңбек министрлігімен және Халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп энергия көздерінің бағаларын ырықтандыруға байланысты халықтың жоқ-жітік тобын бәсірелі түрде әлеуметтік қорғауды ұйымдастыру туралы мәселе қарап, 1994 жылғы 10 сәуірге дейін республиканың Министрлер Кабинетіне ұсыныстар енгізетін болсын.

15. Қарағанды облысының және Екібастұз қаласының әкімдері " Қарағандыкөмір" және "Екібастұзкөмір" өндірістік бірлестіктерімен келісім бойынша 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап, аталған бірлестіктердің әлеуметтік сала объектілерін аталған әкімдердің балансына беру туралы мәселе қарап, белгіленген тәртіппен оларды қаржыландырудың ықтимал көздерін анықтасын.

16. "Ұлттық валютаны енгізу жағдайында бағаның өсуін шектеу жөніндегі төтенше шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қарашадағы N 1121 қаулысындағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ - ы, 1993 ж., N 43, 522 - бап) :

"Өндірістік-техникалық мақсаттағы қызметтердің жекелеген түрлерінің қолданылып жүрген бағалары мен тарифтерін қайта есептеудің реттемелі бағалары (тарифтері) мен коэффициенттерінің шекті мөлшерлері" N 1 қосымшадағы алтыншы, жиырма бесінші - жиырма тоғызыншы абзацтар 1994 жылғы 25 наурыздан бастап және бірінші - бесінші, жетінші - жиырма төртінші абзацтар 1994 жылғы 1 сәуірден бастап;

"Тұтыну тауарлары мен халыққа қызмет көрсетудің жекелеген түрлеріне қазіргі қолданылып жүрген бағалар мен тарифтерді қайта есептеудің реттемелі бағалары (тарифтері) коэффициенттерінің шекті көлемі" N 2 қосымшадағы жиырма алтыншы - отыз тоғызыншы, қырық бірінші - елу бірінші абзацтар 1994 жылғы 1 сәуірден бастап күшін жойды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 23 наурыздағы  
N 288 қаулысына  
N 1 қосымша

**Өндірістік-техникалық мақсаттағы қызметтердің жекелеген түрлерінің қолданылып жүрген бағалары мен тарифтерін қайта есептеудің реттемелі бағалары (тарифтер) мен коэффициенттерінің Шекті мөлшерлері**

Ескерту. N 1 қосымшаның көмірдің бағасына қатысты бөлігінің күші жойылды - ҚРМК-нің 5.05.1994 ж. N 482 қаулысымен .

теңге (қосылған құнға салынатын салықсыз)  
Көмір (1 тонна үшін орташа баға):

Қарағанды көмірі	129
Екібастұз көмірі	28

Байланыс бойынша көрсетілетін негізгі қызметтер - орташа есеппен (оның ішінде жергілікті телефонмен 15 минуттен артық сөйлескені үшін уақытпен ақы төлеу) коэффициент 3

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 23 наурыздағы  
N 288 қаулысына  
N 2 қосымша

**Халыққа көрсетілген қызметтің негізгі түрлерінің реттемелі тарифтерінің (өсіру коэффициенттерінің) ШЕКТІ МӨЛШЕРІ**

Қолданылып жүрген тарифтерді өсірудің ең жоғары тарифтері мен коэффициенттері (қосылған құнға салынған салықпен бірге)

Жекешелендірілген жалпы алаңның	тұрғын үй қорындағы
1 шаршы метрі үшін бір	

айда	төленетін	пәтерақы	мен	пайдалану	
шығындарының	ұсынылатын	ең аз мөлшері		20 тиын	
Су құбырлары мен	канализация үшін		2		
Халықтың	коммуналдық-тұрмыстық			мұқтаждықтары	
үшін босатылатын электр энергиясы:					
селолық елді мекендерде			24 тиын		
қалалық елді мекендерде				(тұрақты	
электр плиталары және	электрмен	жылыту			
кондырғылары бар үйлерден басқалары)		28 тиын			
қалалық елді мекендерде				(тұрақты электр	
плиталары мен электр	кондырғылары	бар			
үйлер үшін)		24 тиын			
Байланыс бойынша	көрсетілген	негізгі	қызметтер		
орташа есеппен					2,5
(оның ішінде жергілікті	телефонмен	15			
минуттен артық сөйлескені үшін	уақытпен	ақы			
төлеу)					